

A. N. МҰРАТОВА

АЙМАҚТАРДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫНЫң ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Еліміздегі тұрақты дамудың негізгі өлшемі болып табылатын өмір сүру сапасы деңгейі бойынша әлемнің неғұрлым дамыған елдерінен біршама арта қалып келеді. Қазіргі әлемдік тәжірибе бойынша, тұрмыс сапасы негізгі құрамдас бөліктер: өмір сүрудің ұзақтығы, халықтың әлауқаты деңгейі және қоршаған ортандың жай-күйімен айқындалады. Соңғы жылдары «тұрмыс сапасы» туралы түсінік қоғамдық және ғылыми көзқараста да тұрақты орын алып, оған деген қызығушылықты әртүрлі ғылымдар экономика мен психология, әлеумет, философия, медицина және т.б. салалар аясында қарастыруға болады. Бұл кезде соқтық емес, ейткені қазіргі кезде сапа – дүниежүзілік әлеуметтік құрылғыда барлық жағынан қоғамдық мәдениетті дамытуда, адамдар қызметі мен адами болмыстың мәнін түсінуге негіз болатын басты фактор болып табылады.

Тұрмыс сапасы – тұрақты даму жағынан аймақтардағы халықтың жоғары өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясаттың ажырамас негізгі бөлігі. Сондай-ақ еңбек әлеуетінің жиынтығы: тіршілік, мәдениет, демалыс, денсаулық сақтау, білім беру, әрбір адамның өмір сүру деңгейі, халықтың онтайтын жұмыспен қамтамасыз етілуі және олардың үнемі өсіп отыратын материалдық және рухани сұраныстарын қамтамасыз ету болып табылады. Халықтың тіршілікету деңгейінің жоғары болуы – әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілмеген жағдайда адам құқығы мен бостандығының құрылымы өзгереді, адамдардың саяси белсенділігі төмендейді. Мемлекет әрбір жеке тұлғаның дамуы мен игілігі үшін тиімді жағдайлар жасауға, нақты айтқанда, ұлттық табысты болумен айналысуға міндетті. Ол үшін бізге экономикалық өсу мен бәсекеге қабілеттіліктің өнірлік орталықтарын айқындаپ алып, олардың дамуын тұтастай алғанда еліміз экономикасының мұдделеріне бағындыру қажет.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың биылғы Қазақстан халқына арнаган дәстүрлі Жолдауында «Тұрақты экономикалық өсуде казақстандықтардың тұрмыс сапасын айтартылтай жақсарта беру, халықтың әлжуз, аз қамтылған отбасыларына және көп ба-

лалы аналарға мемлекеттік жәрдемақылар беру, бюджет саласының қызметкерлері мен мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын үнемі көтеріп отыру, сондай-ақ білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларына мамандар тарту, балалар мен жасөспірімдердің белгілі бір зәру топтарына дәрідәрмекті тегін қамтамасыз ету мәселелерін, зейнеткерлік жәрдемақылардың мөлшерін жыл сайын үстемелеп арттыру қажеттігін атап көрсетті [1]. «Қазақстан – 2030» Стратегиялық жоспарын дәйектілікпен орындау барысында ел экономикасының және мемлекеті-міздің берік іргетасы қаланып, дамудың жаңа кезеңіне көштік. Біз осы заманғы әлемде бұкіл ел халқының әл-ауқатының өсуі мен тұрмыс деңгейінің елеулі жақсаруын қамтамасыз ету үшін сыртқырыноктарға шығып, сенімді орнығуға міндеттіміз. Бұл жолда Қазақстан мен өнірлердің нақты жағдайын ескеріп, әрі әлемнің озық мемлекеттерінің жетістіктерін іске асыра отырып, әлемнің бәсекеге барынша қабілетті елу елінің қауымдастығына қарай жедел жылжуымыз және оның тұрақты мүшесі ретінде Қазақстанның тұғырнамасын нығайтуымыз қажет екендігін атап көрсетті» [2].

Осы әлеуметтік реформалардың тұрақты дамуы арқылы іске асатын бүтінгі күннің басты міндеті болып табылады. Аймақтардағы реформаның жүру барысы мен шаруашылық жүргізуінің нарықтық жүйесіне бейімделу әркилы деңгейде және өнірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының жіктелуі теренделеп, ондағы халықтың тұрмысы мен өмірінің сапалы деңгейіндегі айырмашылық өссе түсude. Осы орайда аймақтық саясаттың маңызды бағыттарының бірі табиғи ресурстарды сақтай отырып, аумақтық деңгейде жұмыссыздықты төмендету, жаңа жұмыс орындарын ашу, балалы отбасыларға тұтынудың айтартылтай деңгейін ұстап тұру, мүгедектер мен карт адамдарды әлеуметтік қолдау мен дамытуды қамтамасыз ететін өзіндік аймақтық және әлеуметтік саясат болуы қажет.

Өнірлердің өзіндік саясатын қалыптастыруда, оларға мемлекеттік тұрғыдан қолдау көрсету, әрі оны мемлекет пен аймақтардың саяси, үйимдасты-

рушылық, материалдық және қаржылық мүмкіндіктеріне сәйкес іс-тәжірибелерде белсен-ді түрде пайдалана отырып жүргізу керек. Негізгі әлеуметтік-экономикалық мәселелер (халықтың көп бөлігінің өмір сүру деңгейлерінің күрт тө-мендеуі, жұмыссыздар санының артуы, табыстардың саралануы, жаңа әлеуметтік топтардың пайда болуы, экологиялық ахуалдың нашарлауы және т.б.) әсіресе өнірлерде бой көрсететіндіктен, ең алдымен осы деңгейде өз шешімін табуы қажет (1-кесте). Бұл арада халықтың өмір сүруін қамтамасыз ету, аймақтық органдардың халықтың алдында жауапты болуы, аймақтағы жағдайларға орталықтың жауапты болуы секілді мәселелер бой көтереді.

Өнірлердің тұрмыс сапасын арттыруда мынадай негізгі іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

- тұрмыс сапасының әлеуметтік нормативтік-құқық негіздерін қалыптастыру;
- салауатты қоғам үлгісін енгізу негізінде халықтың өмірі мен деңсаулығына тәнетін қауіп-қатердің алдын алу және оны азайту, демографиялық хал-ахуалын жақсарту;
- халықтың әлеуметтік қауіпсіздік деңгейін арттыру;

- ғылым мен техника және білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

- өнірлердің әлеуметтік-экономикалық шектен тыс ала-құлалығын еңсеру;

- әлеуметтік инфрақұрылымның әлеуеті мен коммерциялық емес қызмет түрлерін жүйелеу және саралау;

- ел экономикасына инвестиция тарту арқылы табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, жоғары сапалы жаңа технологияларды енгізу.

Мұндай саяси маңызды шаралардың жүргі-зілуі әлеуметтік дамудың тиімділігін арттырып, халықтың тұрмыс сапасы мен әл-ауқатын көте-руді қамтамасыз етеді.

Ел экономикасының соңғы жылдардағы қалыпты дамуы, тұрғындардың өмір сүру деңгейі, табиғи көзінің молауы, әлеуметтік мәселелерді өз ретімен шешіп отыруға мүмкіндіктер туғызды және бұрыннан қалыптасқан жүйені сапалық жағынан жаңа экономикалық жүйеге ауыстыру бағытында он нәтижелерге қол жеткізе бастады (2-кесте).

Экономиканың жалпы деңгейін, салық және бюджет саясатын, халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейін айқындастын басты көрсеткіш-тердің

1-кесте. Өмір сүру сапасының деңгейі мен басымдықтары

Деңгейі	САЛА САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ			
	Әлеуметтік	Экономикалық	Табиғи-эко-	
Логиялық ортаның сақтау	Халықаралық - әлеуметтік салалардың барлық - халықаралық қызмет түрлеріндегі сала аренада еліміздің	басымдықтары (білім беру, мәдениет, деңсаулық сақтау және т.б.) - сапа мәдениетін қалыптастыру; - аймақтық үйим-	мен өндірілетін өнім	- қызмет көрсету аясы - табиғи байлықтарын
Ұлттық қабілет- беделін таза	басымдықтары (білім беру, мәдениет, деңсаулық сақтау және т.б.) - сапа мәдениетін қалыптастыру;	басымдықтары	және молайту	бәсекеге тілігі мен арттыру - экологиялық
бәсекеге Аймақтық стар және техно-	жүйесін қалыптастыру, қызмет қабілеттілігін көрсету аясын кеңейту; арттыру - білім беру, деңсаулық сақтау және т.б. сапасын арттыру - үйимның қоғамдық ортаға - кәсіпорындар-	үйимдастырудың инновациялық белсенділігін арттыру; көрсету сапасын арттыру - тұтынушы қанағатын	өнім өндіруді үлғайту; инновациялық безекеге - табиғи ресур- корын сақтау молайту - жинақтаушы	дардың - табиғи ресур- корын сақтау молайту - жинақтаушы
Логиялық ресурстарының бәсекеге қабілеттілігін				
Үйимдық	- мотивациялық жүйені қалыптастыру; - әлеуметтік саланы жетілдіру	нымды сақтау және оңтайлау;	аргументтердің тәсілдерін анықтау;	аргументтердің тәсілдерін анықтау
	- сапа мәдениетіне тәрбиелу;	103	- кәсіпорындардың тәсілдерін анықтау	- кәсіпорындардың тәсілдерін анықтау

2-кесте. Халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейінің негізгі көрсеткіштері (2001–2006 жылдар аралығы)

Көрсеткіштердің атауы	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.	2006 ж.	2006 жыл 2001 жылға салыстырғанда, %
Халықтың атаулы ақшалай табыстары (жан басына орта есеппен, бір айда /тәнге/) Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, тәнге	7670	8958	10533	12817	15787	19760	257,6
Айлық жалақының ең төменгі мөлшері, тәнге	17303	20323	23128	28329	34066	40790	235,7
Халықтың нақты ақшалай табыстары, (пайызбен)	3484	4181	5000	6600	8100	9200	264,1
10% негұрлым ауқатты және 10% негұрлым ауқатсыз халықтың тұтынуға жұмсаған табыстарының арасалмагы, пайызбен	111,3	110,3	110,5	113,8	114,5	115,3	1,03
Бір зейнеткердің айлық зейнетақысының мөлшері, тәнге	8,8	8,1	7,4	6,8	6,8	7,4	0,8
Нақты тағайындалған зейнетақы индексі, (өткен кезеңге пайызбен)	4947	5818	8198	8628	9061	9898	2,0
	104,2	110,3	131,9	98,6	97,7	100,8	1,0

Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Статистикалық Агенттігінің мәліметтері бойынша есептеп шыгарылды.

бірі – бұл ақшалай табыс. 2-кестеде орта есеппен халықтың жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары республика бойынша айына 2006 жылы 19760 мың тенгенің құрады, бұл 2001 жылмен (7670 мың тәнге) салыстырғанда екі жарым есе көп [4].

Еңбекке жарамды бір қызметкердің орташа айлық жалақысы республика бойынша 40 790 тенгенің құрады және 2001 жылмен (17303 мың тәнге) салыстырғанда 35,7 %-ға есken, орташа зейнетақы 2001 жылы 4,9 мың тәнге болса, 2006 жылы 9,8 мың тәнгеге дейін артты, бұл 2001 жылмен салыстырғанда екі есе көп. Халықтың орташа айлық табысы мен зейнетақы көлемінің барысы халықтың ең төменгі күнкөріс деңгейін ескере отырып қалыптасады. 2006 жылы өмір сүрудің ең төменгі күнкөріс деңгейі республика бойынша орта есеппен адамның жан басына шаққанда 2006 жылы 18,2 пайыз мөлшерінде белгіленді (сурет).


Қазіргі кезде халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейі бойынша аймактардың арасындағы алшактық ұлғайып келеді. Сонымен бірге, әлеуметтік басымдықтарға жете көніл бөлмеу халықты табатын табыстары бойынша жіктеуге, адам капиталын жеткіліксіз инвестициялауға, аймақтар дамуының әркелілігіне және адам дамуы көрсеткіштері бойынша бірқатар өнірлік сөйкессіздікке алып келді. Қазақстан Республикасы Статистика Агенттігінің мәліметтері бойынша 2006 жыл-ы халықтың ақшалай табыстарының ең жоғары деңгейі Астана мен Алматы қалаларында (республика бойынша орташа

қалыптаскан деңгейден 154,5 және 145,2%), ал негізгі өнірлер бо-йынша алып қарағанда Атырау мен Маңғыстау облыстары ең жоғары көрсеткіштерге (183,1 және 176,7%) ие. Табыс деңгейінің жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс деңгейі Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында (67,6 және 65,6%) орын алды [5]. Халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы ақшалай табыстарын аймақтық саралаша әлеуметтік-экономикалық, сондай-ақ аймақтық және макроэкономикалық қажетті мәселелер болып табылады.

Халықтың тұрмыс деңгейі тек табыстары көлеміндегі айырмашылық пен басқа да табыс көздерінің болуынан ғана емес, сондай-ақ отбасында қанша жан бар екендігіне, жұмыс істейтіндер санына, балаларының болуына қарай да қалыптасады. Халықтың еңбекақы және ақшалай табыстарының өсу саясаты тұрмыс деңгейінің экономикалық өсүмен байланыстырығы ескеріліп құрылады. Әлеуметтік-экономикалық дамудағы оң үрдістер республиканың барлық өнірлерінде байқалады. Халықтың өмір сүру деңгейінің ұлғайып, хал-ахуалдарының үнемі жақсара түсінілдік экономиканың турактануына және оның сатылап есеберуіне тікелей байланысты.

Өнірлердегі тұрғындардың өмір сүру жағдайының жақсаруы үшін мынадай іс-шараларды қолға алу қажет:

- елдін барлық өнірлерінің экономикасының өсуі және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту;
- халықтың өмір сүру деңгейі мен деңсаулығы-



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Статистикалық Агенттігінің мәліметтері бойынша қарастырылған.

Халықтың өмір сүруі деңгейінің негізгі көрсеткіштері

на әсер ететін ауыз су мәселесін қолға алу, халықтың аз қамтылған бөлігіне әлеуметтік көмек көрсету механизмі мен сәбекпен қамту саясатын жетілдіру;

- енбекке жарамды халықтың неғұрлым жоғары тұрмыс деңгейін қамтамасыз ететін табыс табуына мүмкіндік беретін экономикалық жағдай жасау;

- халықтың акпаратқа қол жеткізуін арттыру, салауатты өмір салтын насиҳаттау жөніндегі білім беру жүйесін құру;

- халықтың тұрғын үймен және әлеуметтік қызмет түрлерімен (оның ішінде: білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау ұйымдары және т.б.) қамтамасыз ету;

- халықтың өмір сүру сапасын арттыру (жоғары білімі бар халық үлесінің және жастардың жалпы санының ішіндегі студенттердің үлес салмағының өсуі; экономикалық белсенді халықтың ішінде жұмыссыздар деңгейін төмендету, қылмыстарды және т.б. азайту).

Бұл шаралардың барлығы да маңызды, өйткені олар қоғамда әлеуметтік-экономикалық айқындаушы фактор болып табылатын орташа таптың ауқымды жігін қалыптастыруға қолайлы жағдай жасауга

жәрдемдеседі. Осы мәселелерді шешу үшін ең алдымен еңбек нарығын жүйелі түрде талдап, ондағы болып жатқан өзгерістерді бағалап, әрбір аймақтың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, еңбек ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру қажет. Бұл ретте елімізде жүргізіліп отырган әлеуметтік саясаттың негізгі мақсаты халықтың денсаулығы мен игілігі үшін әлеуметтік қызмет көрсету аясын кеңейту, кедейшілік деңгейін төмендету, жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, өмір сүру сапасын арттыру және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық тенсіздікті азайту болып табылады. Осыған байланысты бүгінгі күні халықты жұмыспен қамтуға бағытталған 2008–2010 жылдарға арналған шаралар кешені өзірленуде.

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008–2010 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарында айқындалған басымдықтардың ішінде адами капиталды дамытып, халықтың өмір сүру сапасын арттыру мәселелері ерекше орын алғып отыр. Бүгінде экономиканың қарқында дамуы әлеуметтік жағдайдың жақсаруына ықпал етуде.

Жалпы биыл әлеуметтік салаға 792 млрд тенге бөлінсе, келесі жылы тағы да 939 млрд тенге қаралып отыр. Бұл ел бюджетінің 35 пайзызы әлеуметтік

салаға бағытталады деген сөз [6]. Сонымен бірге, Елбасымыздың Жолдауына орай былтырығы жылдың 1 шілдесінен бастап көптеген мемлекеттік жәрдемақылар: зейнетакы мөлшері, жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдер және ең төменгі жалақы деңгейі көтерілуімен катар, мемлекеттік орындар қызметкерлерінің жалақысы да 30%-ға өскені белгілі. Биыл да еңбекақы, зейнетакы біршама өсептін Президент биылғы жолдауында да атап өтті. Бірақ тек жалақыны есіріп қана қоймай, аймақтардағы әлеуметтік теңсіздіктерді де таразылап, зерттеп отыру қажет, яғни, қазіргі шарықтап есіп отырған инфляция көрсеткішін бағамдап отыру қажет. Осының барлығы халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған шаралар. Бұғаңғы күні экономиканың өсіү мен күшеюінің арқасында Қазақстан әлеуметтік салаға түбөгейлі бет бұруға мүмкіншілік алды және соңғы жылдары осы салада көптеген жұмыстар атқарылды және алдағы уақытта да жүргізіледі.

Корытындылай келे, өркендеген елдер катарынан орын алуымыз үшін мемлекеттіміз – өз азаматтарының өмір сүруін лайықты жағдаймен қамтамасыз етуге, әлеуметтік жағдайының қорғалуына, материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға т.б. көніл аудару қажет. Бұл мәселе – жағдайы нашар қамтамасыз етілген топтың пайдасына ұлттық табысты қайта бөлудің көмегімен, халықты жұмыспен қамтамасыз ету, еңбекті қорғау, білім алу, деңсаулық сақтауды, бүкіл қоғамның мәдениетін, т.б. дамыту саясатын жүргізуі жүзеге асыру барысында жаңашыл, шынайы көзқарас пен тәсілдерді қолдану арқылы қол жетіп, орындалады.

ӘДЕБИЕТ

1. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан // Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2007. 1 наурыз.
2. Сонда.
3. Бобков В. О программе повышения уровня и качества жизни // Проблемы теории и практики управления. 1999. № 6. С. 94.
4. Қазақстандағы халықтың тұрмыс деңгейі // Статистикалық жинақ. Редакциясын басқарған Ю. К. Шокаманов. Алматы, 2006. 212 б.
5. Қазақстанның қысқаша статистикалық жылна-малығы. Статистикалық жинақ. Редакциясын басқарған Б. Т. Сұлтанов. Алматы, 2007. 156 б.
6. Әлеуметтік сала әркез назарда // Егемен Қазақстан. 2007. № 373.

Резюме

Автор рассматривает факторы, влияющие на качество жизни населения на региональном уровне.

Summary

In article author exanimate the factors of the quality of life population on the regional level.

Түсін күні 10.10.07ж.